

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша АҚ
мәжілісінің
№ 2 хаттасы

Түркістан қаласы

26.12.2024 ж.

Қатысқандар: т.ғ.к., доцент Г.Примкулова, PhD доцент Қ.Базарбаев, PhD аға оқытушы Р.Хазретәліқызы, PhD М.Салғараев, PhD А.Оспанова, АҒЗИ директоры К.Жетібаев, М.Әбенова атындағы ЖОМ директоры Т.Мендібаева, докторант З.Сенгирбаева, білімгер Ү.Абдуалиев, кафедра ОПК.

Күн тәртібі:

1. ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (жанарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу, бірлескен, ББ әзірлеу).
2. Қолданыстағы бакалавр және магистратура, докторантуралық ішкі сараптаудан өткізу.
3. Қараша-желтоқсан айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Тындалды.

АҚ төрағасы Қ.Базарбаев: Күн тәртібімен таныстыра отырып, қаралатын мәселелерді атап өтті. Қазіргі таңда қолданыстағы 6B01615 – Тарих және 6B02231 – тарих білім беру бағдарламаларының жалпы мазмұнының қазіргі заманғы талаптарға сай екенін атап өтті. Қолданыстағы бағдарламалар тарихи білім беруде маңызды аспектілерді қамтитынын сөз етті. 6B01615 – Тарих және 6B02231 – Тарих білім беру бағдарламалары қазіргі таңда өзектілігін жоғалтқан жоқ және қазіргі білім беру талаптарына сәйкес келеді, сондықтан олар қолданыста қала береді. Дегенмен алдағы уақытта 6B01615 – Тарих және 6B02231 – Тарих бағдарламаларына келешектегі әлемдік тарихтағы маңызды оқиғалар мен тенденцияларды ескеріп, жаңаша мазмұн мен жаңа тақырыптар қосу керектігін айтты. Бұл жаңартулар білімгерлердің глобалдық ойлау дағдыларын қалыптастыруға және қазіргі заманның тарихи мәселелерін тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Мысалы, жаһандану мен әлемдік өзгерістерге қатысты тарихи білімнің кеңейтілуі керек екендігін тілге тиек етті. Сондай-ақ, 7M02210 – Тарих магистратура және 8D01604 – Тарих докторантуралық деңгейінде ББ –н қайта жанарту жұмыстарын қарастырып, «Жасанды интеллект және тарих», «Глобализация және тарих» пәндерін қосуды ойластыруды ұсынды.

Кафедра менгерушісі Г.Примкулова: Қазіргі қолданыстағы бағдарламалардың жалпы деңгейін оң бағалады. Ол атап өткеніндей, 6B01615 – Тарих және 6B02231 – Тарих білім беру бағдарламалары өз уақытында жан-жақты құрастырылған және тарихи білімнің негізгі

бағыттарын толық қамтиды. Дегенмен, ол қазіргі ғылым мен білім беру саласындағы қарқынды өзгерістерді ескере отырып, осы бағдарламаларды жаңа бағыттармен толықтыру қажеттігін атап өтті. Бұл ретте, заманауи ғылыми әдістер мен жаһандық өзгерістерге сай бейімделу маңызды.

Тарих білім беру бағдарламаларын толықтыру барысында ғылыми зерттеулердің маңыздылығына ерекше көңіл бөлу қажет екенін айтты. Ол тарихты оқыту барысында білімгерлердің ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту үшін жаңа әдістемелер мен оқу құралдарын енгізу дің маңыздылығын атап өтті. Бұл тек теориялық біліммен шектелмей, білімгерлердің нақты зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын да жетілдіруге мүмкіндік беретіндігін атап өтті. 7М02210 – Тарих магистратура және 8Д01604 – Тарих докторантурасындағы деңгейінде ББ –н қайта жаңарту жұмыстарын қарастырып тарихтағы халықаралық қатынастар пәнін қосуды ұсыныс ретінде айтты.

ОӘК төрайымы Р.Хазретәліқзы: Білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру мақсатында бірнеше маңызды ұсыныстар айтты. Ол аталған білім беру бағдарламаларының қазіргі мазмұнының тиімділігін атап өтті, бірақ қазіргі заманғы талаптар мен ғылыми жетістіктерге сәйкес қажет болған жағдайда бағдарламалардың жаңартылуы қажеттігін де атап көрсетті. Оның айтуынша, алдағы уақытта қолданыстағы бағдарламаларға жаңа бағыттар мен әдіс-тәсілдер енгізу маңызды екендігіне тоқталды.

АҚ мүшесі М.Салғараев: Қараша және желтоқсан айларында атқарылған іс-шаралар бойынша жалпы нәтижелер қанағаттанарлық деңгейде. Әрбір іс-шараның өткізілу сапасы мен орындалуы бойынша талдау жүргізілді. Барлық жоспарланған іс-шаралар уақытында және белгіленген мақсаттарға сәйкес өтті. Қараша айында басталған жұмыстардың нәтижелері бойынша тиімділік байқалды, ал желтоқсан айына жоспарланған іс-шаралар сапалы түрде өткізілді, нәтижесінде АҚ мүшелерінің оң пікірлері алынды. Бұл іс-шаралар жоспарланған мақсаттарға жетіп, өзектілігін көрсетті.

Шешім:

ӘР ББ бойынша өзіндік бағлау жұмыстары жүргізілсін. ББ аудиттері бойынша шешімдер қабылдансын, қараша-желтоқсан айларында атқарылған жұмыстар нәтижесі қанағаттанарлық деп табылсын.

АҚ төрағасы:

К. Базарбаев

Хатшы:

А. Оспанова